

УДК 82.91

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ «АДАМ» КОНЦЕПТІСІ

Байтұр Әзима Айсақызы

Abaityr001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, түркітану кафедрасы, 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қосыбаев Мирас Махмедунұлы

«Адам» концептісі – кез келген мәдениеттегі өзекті концепт. Жер бетінде ғұмыр кешуші ең басты саналы тұлға-Адам (Homo Sapiens). Адамның табиғаты тылсым табиғаттың өзіндей күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Адам-ең күшті, ең құдіретті тұлға. Ол “шалыққан шақта Құдайды да қолдан жасаған, шалқыған шақта қолма-қол құртып жіберген...” (М.Горький). Адам-ғажайып шебер, қолынан келмейтін өнері жоқ зергер де сәулеткер жан: “Мысыр пирамидалары”, “Вавилон бағы”, “Зевс мүсіні”, “Ғаликарнас кешені”, “Артемида храмы”, “Александрия мұнарасы(маягі)”, “Рим колизейі”- жер бетіндегі осы жеті ғажайып дүние (мұғжиза) де сол Адамның қолынан шыққан. Мұндай ғажайып сәулеттер мыңдап саналады. Адам - жер бетіндегі дана, ақыл-парасатты жан. Ол – анадан туған сәттен алға ұмтылған, арман қуған, өзі үшін дүниеге құмарта қарап, қиялына қанат байлап, биікке самғауға талпынған перзент. Сондықтан да болар, жер бетінде Адам аяғы баспаған. Адам қиялы барламаған, Адам ойы шарламаған

бірде-бір аймақ, ашық жер жоқ. Бұл талпыныс пен Адамға тон даналық оны ғарышқа да ұшырды, Айға да аяғын тигізді, бір кезде қиял-ғажайыптай болған оның ой-армандары біртіндеп жүзеге асып жатыр. Бүгінде Адам баласының қолы жеткен табыстары мен көтерілген өркениет биігі, сайып келгенде, сол Адам қабілеттінің ақыл-парасатының, саналы ойының жемісі. «Адам» концептісі үлкен ұғымды білдіретін болғандықтан оның ішінде «Бала», «Ер адам», «Әйел» концептілерін де қарастырамыз.

Ескерткіш тіліндегі туыстық қатынастар атауларының көрінісі

Туыстық жүйенің негізі, бел ортасы – отбасы саналады. Барлық алыс- жақын туыстық – осы отбасынан өрбиді. Дегенмен түркі дәстүрінде туыстық қатыстың барша түрі ұрпақтың өсіп-өнуіне байланысты болып табылады. Яғни Адамата мен Хауана арқылы қалыптасқан жол ата менен ананың қосылуынан пайда болып, солардан өсіп-өніп, көбейіп, тарайды. Сол себепті де, бүгінгі және болашақ ұрпақтың баршасы табиғи түрде тек ата-ананың ұрпақ жалғастырушы ғажайып қасиеттері арқылы ғана жүзеге асып, кішкентай отбасынан басталып, түгелдей ру-тайпаның, ұлыс пен халықтың, этностың қалыптасуының негізі болып табылады. Демек, қауымдаса өмір сүріп, ел болып отырған барлық халықтардың бастауы да, ең басты ұйытқысы да ата мен ана. Дәстүрлі туыстық қатынаста қолданылатын ата лексемасы ескерткіш тілінде аба нұсқасында кездеседі. М.Қашқари аба сөзіне «Бұл сөз оларда арабшадан сіңген болса керек. Өйткені, олар Иеменнен түрк жұртына қашып келіп, тұрып қалған бір кісіден тарағандар» (Түбіт тілінде) деген анықтама береді [1, Т.1, 116 б.]. Аба лексемасы қазақ тілінде негізгі тұлғалық мағынасында қолданылса, сібір түркі яғни хакас, алтай тілдерінде «аға» (старший брат) ал татар, башқұрт, қырғыз тілдерінде «көке» (дядя) мағыналарында қолданылады [2, 306 б.]. В.Г. Егоровтың пікірінше көне түркі тайпаларында әйел немесе еркектің жасы үлкен туыстарына және жасы кіші туыстарына қатысты ортақ атаулар қолданылған [3, 18 б.]. Аба лексемасының әйел затына қатысты айтылатын ара нұсқасына ауысқан тұлғасы қазіргі барлық түркі тілдерінде кездеседі. Ал «Диуани лұғат-ит-түрік» тіліндегі аба лексемасы қазіргі түркі тілдерінде жиі қолданылмағанымен әке мағынасында қарашай-балқар, телеут, шор тілдерінде ұшырасады [4, 14 б.]. Аталған түркі тілдеріндегі жиі қолданысын Э.В.Севортян бұл тілдердің лексика-семантикалық және басқа да архаизмдердің сақтап қалғандығымен түсіндіреді [5, 56 б.]. : Жалпы қазақ халқының түсінігінде жеті атадан санағанда ру ішіндегі қандастық жігінде, үшінші буындағы ата басқаша қарт, қария, ақсақал деп те аталады. Дәстүрлі ортада мұндай кісілерге төрден орын беріп, әрдайым құрмет көрсеткен. Оған ана тіліміздегі «Атаның сөзі - ақылдың көзі», «Атадан ұл туса – игі, Ата жолын қуса - игі», «Ата көрген оқ жонар», «Ата – баланың қорғаны», «Аталы ел - баталы» т.б. сынды мақал-мәтелдер дәлел. Дәстүрлі түркі халықтарының отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелгені белгілі. Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусәр бұлағы – ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ. Ана лексемасы жәдігерде ана, аба, ума нұсқаларында кездеседі. «Ана как и другие древние слова в тюркских языках получило широкое семантическое развитие. Наряду с названиями родственников: «мать», «теща», «свекровь», «тетка», «бабушка», оно стало обозначать и другие понятия, отдаленные от родственных отношений, но связанных с понятиями старшей женщины в семье, с существом женского пола: «старшая женщина, почтенная женщина», «матрона», «самка», «матка с приплодом», «главная часть вещи» и т.д. Ср. Тат. ана мәсі «кошка», ана ürdäk «утка»» [2, 299 б.]. Бұдан байқайтынымыз жалпы түркілік ана сөзі грамматикалық және семантикалық өзгеріссіз бізге жетіп, қолдану аясын кеңейткен. Аба сөзін М.Қашқари оғыз тілінен енгенін айта келіп «Қарлық түркмендерді бұл сөзді қатаң «п» дыбысымен, «апа» деп айтады» деген түсініктеме береді [1, Т.1, 116 б.]. Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда қазақ қыздары мен әйелдерінің анағұрлым еркін болғанын айтқан жөн. Олар жүздерін жамылғылармен бүркемей, ашық өмір сүрген. Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы

беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсете болып табылады.

Ескерткіш тіліндегі «Ер адам» концептісі

“Ер адам” концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. “Диуани лұғат-ит-түрік” ескерткіш тіліндегі еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қатысты атаулар әртүрлі лексемалармен берілген.

Ескерткіш тіліндегі «ер адам» тезаурсын түзетін ер «ер», yigit «жігіт», oylan «ұл бала», ata, dada «әке», beg «бек», alragut «алпауыт, батыр», küzege «күйеу жігіт», han «хан», сөздері «еркек – ұл», «еркек – жігіт», «еркек – ер», «еркек – күйеу жігіт», «еркек–батыр», «еркек – ел билеуші», «еркек – әке», «еркек – ата», «еркек – баба» когнитивтік тілдік модельдерін құрайды.

«Ер – жігіт» тілдік моделіндегі жігіт лексемасы ескерткіш тілінде yigit деп берілген [1, Т.1, 25 б.]. Түркі тілдерінде негізінен жігіттің бейнесі жастықтың, адамгершіліктің ұлттық өлшемдерімен егіз өріледі. Бұған қазақ тіліндегі 59 жастық кезеңмен, жас ерекшелігімен байланысты өрбіген «жігіт» сөзімен келетін жігіт болу, жігіт-желең, бозбала, бала жігіт, жасөспірім жігіттер, балаң жігіт, жас жігіт, жігітше, жігітшілік құрды, жігіттіктің базары, жастықтың әуеніне салды, жігітсіну, жігіт болғансу, жігітімсу, дүр жігіт, ер түлегі, ер жігіт, сақа жігіт, қылшылдаған жігіт, жігіттік жасады, жігіт болды, т.б. сынды сөз тіркестер дәлел бола алады. Сөздіктен yigit сөзінің қолданыс аясын зерделей отырып, yigitlik туынды сөзін кездестіреміз [1, Т.1, 569 б.]. Жалпы қазақ түсінігінде жігіт немесе жігіттік жастық шақты бейнелейтін ұғымдар. Халық ұғымында он бесте отау иесі саналған бозбала жігіт жасына жеткенде жасына сай батыл да батыр, өткір де өжет, алғыр да ақылды бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы болуы керек. Соған байланысты тілімізде *«Жігітті жігерінен таны», «Жақсы жігіт он бесінде жас емес, жүзге келсе де пәс емес», «Жігіт болсаң шоқ бол, шоқ болмасаң жоқ бол», «Жігітінде жігіт болмаған, өмір есебінен құр қалған», «Жібек белбеу – белдің көркі, батыр жігіт – елдің көркі», «Жау жеңетін жігіт жарсағынан танылар, дау жеңетін жігіт талабынан танылар», «Бәрі соғар жігіт бөрігінен белгілі, жау алатын жігіт серігінен белгілі»* т.б. сынды мақал- мәтелдер сақталған. Ескерткіш тіліндегі yigit, yigitlik лексемаларының жастық шақ семасын көрсететіндігін esiz anı yigitligi «жазық оның жігіттігінде (жастығында)» тұрақты тіркесі растай түседі [1, Т.3, 51 б.].

Ескерткіш тіліндегі «Әйел» концептісінің көрінісі

Танымдық тұрғыдан алғанда, отбасының берекесі мен бірлігі, жанұяның ұйытқысы, ақылманы, отбасының сәні, тіршіліктің қайнар көзі деп кең ұғымда бейнелік сипатта айқындалатын «әйел» концепті, барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отыратыны анық. Әйел баласын сипаттауда оның жас ерекшелігі, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Ескерткіш тіліндегі «әйел» концептісін зерделей отырып, «әйел-қыз», «әйел-қалыңдық», «әйел-жар», «әйел- келін», «әйел-ана», «әйел-отбасының өзегі», «әйел-сұлулықтың символы», «әйел-ханшайым», «әйел-үй қызметкері», «әйел-күң» тілдік модельдерін көре аламыз.

Әйел баласы көне түркілер заманынан бастап түркі халықтарында ерекше құрметке ие. Көне түркілер дүниетанымында «әйел-анаға» деген үлкен құрмет Ұмай ана культінің негізінде өрбиді. Ұмай Ана жайлы аңыз-әңгімелер, салт- дәстүрлер түркі халықтарының Ұмай мифонимінің сокральді мәні нәрестенің дүниеге келуіне дейінгі, ана құрсағындағы пайда болу кезеңіне, жалпы адамзатты дүниеге әкелетін аналық негізге қатысты екенін

айқын көрсетеді. Ж. Абитжанов «Ежелгі түріктер Тәңірмен қатар жер-су Ұмайға да табынған. Ұмай сөзінің «бала жататын орын» тура мағынасының негізінде бала-шағаны қорғайтын құдай» мағынасы екіншілік номинация» түрінде қалыптасқанын айтады [6, 19 б.]. Алтай тілдік бірлестігіне жататын монғол тілінде ұмай сөзі «ана құрсағы», «жатыр» мағынасында қолданылуы бұл лексеманың тарихының тереңдігіне дәлел [7, 509 б.]. Қараханидтерден бұрын тарих сахнасында болған көне түркілер ұғымында ұмай лексемасын өмірдің, өсіп-өнудің, әдемілік пен әсемдіктің, бақыт пен құт берекенің, үйлесімділіктің жиынтық мәнінен тұратын мифологиялық концептінің лингвистикалық бейнесі ретінде көруге болады. Яғни Ұмай ұғымы көпқырлы және әмбебап культ болған. Күлтегін ескерткішінде кездесетін Umay teg ögüm katın kuutiña inim Kül-tigin er at boldı «Ұмай текті анам қатынның құтына (бағына) інім Күлтегін ер атанды» [8, 31 б.] деген сөйлемнен түркілердің ананы, дүниеге ақылды да айбынды ұл алып келген хан әйелдерін ұмайға теңегенін көруге болады. Ал біздің зерттеу нысанымыз «Диуани лұғат-ит-түрікте» ұмай лексемасысы «ана босанғанда құрсағынан шығатын нәрсе» деп беріліп, Umayga tarınsa oıul bolur « Ұмайға табынса ұл болар» деп, әйелдердің мұны жақсылыққа жоритыны сөз болған [1, Т.1, 153 б.]. Бұдан XI ғасырдағы «Әйел-Ана» тілдік моделі көне түркілік дүниетанымының негізі «Ұмай - Анадан» бастау алғанына көз жеткіземіз. Қазақ тіліндегі Ұмай анаға сыйынып, әйелдің толғағы жеңіл болып, өмірге сәби аман- есен келсін деген ниетпен «Ұмай ана жар болсын!», ауырған жас баланы емдерде «Ұмай ана шипа берсін!» , ұлын сапарға аттандырған ана оң сапар тілеп «Ұмай анаға тапсырдым» деген сынды тілдік бірліктер Ұмай ана феноменінің қазақ халқының дәстүрінде де жалғасын тапқанына дәлел. Ескерткіш тілінде ана мағынасында ұма лексемасы көрініс тапқан. Бірақ М.Қашқари аталған лексеманы түбіт тілінде екенін атап көрсетеді [1, Т.1, 121 б.].

Ескерткіш тіліндегі «Бала» концептісінің көрінісі

XI ғасыр М.Қашқари заманында балалар әлемі қандай көріністе болғанын жәдігер тіліндегі ұрпақ концептісін зерттеп, зерделеу арқылы көруге болады. XI ғасыр мұрасы «Диуани лұғат-ит-түрікте» түркі халықтарында ұрпақ таратудың жеті аталық принципі бойынша алғашқы буынына жататын бала лексемасы, bala, бошук, оул, оулан, кені түрлерінде көрініс тапқан. Ескерткіште bala сөзі құс баласымен қатар жыртқыш аңдардың және басқа да хайуандардың кішкентай балаларына қолданылған [1, Т.3, 313 б.]. Дж. Клосон bala сөзі ең алғаш құс баласына қолданылып, уақыт өте келе жануарлардың және адамның да балаларына қолданылғанын сөз етеді [9, 332 б.]. Одан бөлек жәдігерде адамның шаруасына, әсіресе диқаншылықта жәрдем берген кезде қолданылатын көмекші bala деп көрсетілген [1, Т.3, 314 б.]. Қазақ түсінігінде ұл-қыздың өмірге келген сәтінен бастап кәмелетке толғанға дейінгі кезең жалпылама бала ұғымына сиып, жас шамасына қарай: нәресте, сәби, бөбек (бөпе), балдырған, жеткіншек, жасөспірім болып жіктеледі. Ал бошук лексемасы ескерткіш тілінде шошқаның баласына яғни торайға қолданылған [1, Т.1, 438, б.]. Ескерткіш тілін зерделей отырып, қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобына тән bala және оғыз тобына ортақ бошук лексемалары әуел баста жануарлар мен құстардың балалары үшін қолданылғанын аңғаруға болады. Көне түркі заманындағыдай XI ғасыр түріктері де ұл балаға оул [1, Т.1, 377 б.], қыз балаға kız лексемаларынан бөлек ұл бала үшін urı [1, Т.1, 385 б.], urı оулан сөздері қолданылған [1, Т.1, 118 б.]. Urı лексемасы көне түркі Күлтегін ескерткішінде Tabııaс bodunka beglik urı оулін kul boldı, silik kız оулін күң boldı «Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды» деп берілген [1, 7 б.]. Э.В.Севортян «сын, мальчик» мағынасындағы «urı» лексемасынан *urı моносиллабын бөліп алып, «зачать», «рожать», «приносить потомство» мағыналарын беріп, одан «ұрық, ұрпақ, үрім» сөздерінің туындағанын көрсетеді [5, 605 б.]. Көне түркі сөздігінде оулан лексемасының мағынасы «ребенок, мальчик» деп көрсетіліп [10, 363 б.], түрік, түркімен, өзбек тілдерінде ешбір өзгеріссіз сақталып қазақ тілінде «құлан» түрінде көрініс тапқан [11, 657 б.]. Жәдігерде тұңғыш ұл бала үшін tun оул қыз бала үшін tun kız тіркестері қолданылғанын көреміз [1,

Т.3, 194 б.]. Жалпы *tun* лексемасы М.Қашқари еңбегінде «алғашқы», «бірінші» мағынасын берген, көне түркі ескерткіштер тілінде *Tun bilge*, *Tun yegan erkin* сынды адам аттары да кездеседі [12, 245 б.]. Ал отбасының ең кішкентай кенжесіне *aŋtal* лексемасы *aŋtal oŋul* «кенже ұл» [1, Т.1, 136 б.] мағынасында берілсе, *kenç* лексемасы бала мағынасында және малдың кішкентайларына қатысты да қолданылған [1, Т.3, 580 б.]. XI ғасырда бала-шаға мағынасында жалпы атау ретінде *çar çarmak* немесе *çamrak* лексемалары көрініс тапқан [1, Т.1, 529 б.]. Көне түркі сөздігінде *çamrak* «семья, домочадцы» деп көрсетілген [10, 138 б.]. Баланың шыр етіп дүниеге келуі сөздікте *oŋul togdı* «ұл туды» [1, Т.2, 28 б.] деп, ал ана босанғанда құрсағынан шығатын нәрсе *umaŋ* лексемасы арқылы берілген [1, Т.1, 153 б.].

Жалпы түркі халықтарының өркениет қазынасына өшпестей етіп із қалдырған М. Қашқари еңбегінен XI ғасырда балалардың түр-тұлға, мінез- құлық, тек өздеріне тән қасиеттері мен жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі аталғанын көруге болады. Мәселен өзін жұрттан ұлықсипат етіп, өзін биік қылып көрсетуге құмар балаға аташ ал өзінің жастығына қарамай зеректігімен баршаға өз анасындай мейіріммен қарайтын жас қызға анаш деп айтылған [1, Т.1, 81 б.]. Қазақ дүниетанымында да «Ақылы асса аға тұт» деп ерте есейіп ерте ақыл тоқтатқан балаларды төбесіне көтеру үрдісі бар екені белгілі. Сөздікте өгей ұл мен қыз өгеу *oŋul* және *ögeu kız* деп [1, Т.1, 153 б.], одан бөлек *baldır kız* және *baldır oŋul* деп берілген [1, Т.1, 515 б.]. Ал кішкентай жас балалар *uŋak oŋulan* «құсақ бала» деп аталса [1, Т.1, 96 б.], сөз ұқпайтын бейбастақ бала *esiz* деп берілген [1, Т.1, 152 б.]. Одан бөлек анасы асыл текті, атасы қара халықтан болған бала *inal* деп берілген [1, Т.1, 152 б.]. Э.В.Севортян *inal* лексемасының мағынасын «вера, доверие, надежда» деп көрсетсе [5, 655 б.], Әбілғазының шежіресінде (XVI ғ.) «титул» мағынасы берілген [13, 184 б.].

Қорытынды

Мен «Адам» концептісін, мағынасы терең, ауқымды ұғымды білдіретін концепт деп түсінемін. Оның ішінде тақырып «Орта ғасыр ескерткіштер тіліндегі «Адам» концептісі» болғандықтан әртүрлі ғылым адамдарының кітаптарымен жұмыс істелінді. Әсіресе Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасын және Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігін тақырыбыма негіз етіп алдым.

Қорытындылай айтқанда орта ғасырлық түркілердің өмір болмысын, даму деңгейін, танымдық ерекшеліктерін айқындайтын Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінің антропоэзектік парадигма аясындағы этлингвомәдени мазмұны – орта ғасырлық түркілердің әлемді тануы мен көне түркілер дүниетанымының дәстүрлі сабақтастығын айқындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, – 1997. – Т.1. – 590 б.; 1997. – Т.2. – 525б.; 1998. – Т.3 – 597 б.
2. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. / от. ред. Тенишев Э.Р. – М.: Наука, 1997. – 506 с.
3. Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1964. – 356 с.
4. Хабичев М.А. Взаимовлияние языков народов Западного Кавказа. – Черкесск, 1980. – 280с.
5. Севортян Э.В., Этимологический словарь тюркских языков. М.: Наука, 1974. – 754 с.
6. Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2009. – 24 б.
7. Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1987. – 885 б.

8. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2007. –360 б.
9. Clauson G. An Etymological of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford University press 1972. – 989 p.
10. Древне тюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 320 с.
11. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетісу, середина 80-х.// в кн. Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. – Алматы: Наука, 2001. – 418.
12. Şirin User H. Köktürk ve Ötüken Uygur kağanlığı yazıtları. Söz varlığı incelemesi. – Kömen yayınları, 2000. – 420 s.
13. Türk Dil Kurumu'nun 40.ve Divanü Lügati't – türkün 900. // Yıldönümleri dolayısıyla düzenlenen I. Türk Dili Bilimsel Kurultayına sunulan Bildiriler: (Ankara, 27 – 29 Eylül 1972). – Ankara: Ankara Ün-tesi basımevi, 1975. – 575 s.